# Сабақтың тақырыбы:
Жұмбақтар

- Жұмбақтар ауыз әдебиетінің ертеден келе жатқан түрі. Жұмбақтардан да ата-бабаларымыздың даналығын көруге болады. Әрбір жұмбақ көркем шығарма. Жұмбақ қарасөз түрінде де, өлең түрінде де болады. Олар адамдардың өмірімен тығыз байланысты. Сондықтан жұмбақтардың тақырыптары әр-түрлі.

# Жұмбақтардың тақырыптары:

- табиғат
- жануарлар
- аңдар
- құстар
- өсімдіктер
- қоршаған орта

# Жұмбақтардың жасалу жолдары:

- Салыстыру арқылы: «Күллі әлем көгілдір кілем жамылды»
- Қарама-қарсы қою арқылы: «Көреді бәрін өзгенің,
  көре алмайды өздерін»

Жоққа шығару арқылы: «Су емес, бірақ сұйық, қар емес бірақ түсі ақ»

# Жұмбақтардың жасалу жолы

- Жердің беті көк әйнек.
- Асты тас, үсті тас,
  Ортасында жанды бас.
- Ілулі тұр кең алаң,
  Керегімді мен одан
  Жазып алам ккшіріп
- Жер бетінде жатқан арқан,
  Ұстауға оны бәрі қорыққан.

# Жұмбақтар

Ауыз әдебиетінің түрі

# Жұмбақтарды шешіңдер

- Кезікті бір жануар,
  Үстінде екі тауы бар.
- Кішкентай ғана бойы бар
  Айналдырып киген тоны бар.
- Жер бетінде жатқан арқан
  Ұстауға оны бәрі қорыққан.
- Доп сынды келбеті,
  Онда бар түп-түгел,
  Әлемнің әлпеті.